

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ МӘЛІМДЕМЕСІ



Құрметті отандастар!

Баршаңызға белгілі, Қазақстан халқы 16 наурыздан бастап төтенше жағдай режиміне көшті. Әрине, бұл кезең жұртшылыққа оңай тимегені анық. Кейбір азаматтар жұмысын жоғалтып, табыссыз қалды. Ойға алған жоспарларын өзгертуге мәжбүр болғандар да бар.

Адами тұрғыдан мен мұны түсінемін. Қауіпті вирус Қазақстанда кең жайылып кетпеуі үшін осындай күрделі, бірақ аса қажет шешім қабылдадым. Соның арқасында індет жаппай таралған жоқ. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы да, халықаралық сарапшылар да Қазақстанның іс-қимылын оң бағалап отыр. Елімізде қатаң карантин шаралары енгізіліп, қоғамдық көліктің жұмысы тоқтатылды. Мекемелер мен кәсіпорындардың басым бөлігі қашықтан жұмыс істеу режиміне көшті. Көшелер, тұрғын үйлер дезинфекцияланып, науқастарға дәрігерлік көмек көрсетілуде. Әрине, барлық облыстағы жағдай бірдей емес. Кейбір аймақтарда індет шарықтау шегінен өткен сияқты. Бірақ бірқатар өңірде вирустың таралу қаупі өлі де сөйілмей отыр. Біз ондағы нақты санитарлық ахуалға қарай әрекет жасаймыз. Басты міндет – азаматтарымыздың денсаулығын сақтап, өмірін қорғап қалу. Әлеуметтік және экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз етіп, халықтың табысын сақтау үшін де арнайы шаралар қабылданып жатыр. Тағы да қайталап айтамын: қазіргідей күрделі кезде әрбір азамат біздің назарымызда болады. Мемлекет ешкімді қиындыққа қалдырмайды.

Мен төтенше жағдай кезеңінде азаматтарымызға қолдау көрсетуге арналған шаралардың екі топтамасын жария еттім. Бұл шаралар барынша жүзеге асырылуда. Қоғам тарапынан айтылған орынды сын-пікірлер де бар. Оны ескереміз. Бүгінгі күні 4 миллион 250 мың азаматқа қаржылай көмек көрсетілді. 570 мыңнан астам адамға азық-түлік таратылды. Жалпы, 1,1 миллионнан астам адамды азық-түлікпен қамта-

масыз етуді жоспарлап отырмыз. Елбасының бастамасымен құрылған «Біргеміз» қорынан қаржы бөлінді. «Nur Otan» партиясы белсенді жұмыс атқаруда. Сәуір-мамыр айларында 1,6 миллионнан астам адамға коммуналдық төлем үшін көмек көрсетіледі.

Азық-түліктің жеткілікті болуына және оның сапасына қатысты ұдайы мониторинг жүргізілуде. Елімізде азық-түлік тапшылығы жоқ. Жергілікті билік органдары әлеуметтік маңызы бар тауарлар бағасын бақылауда ұстап отыр. Біз індетпен күрестің алдыңғы шебінде жүрген дәрігерлерді қаржылай қолдап жатырмыз. Денсаулық сақтау министрлігі және өкімдер басқа да медицина қызметкерлеріне көмек көрсету үшін шаралар қабылдауда.

1,6 миллионнан астам адам, 11,5-мың шағын және орта бизнес өкілі несиелерін кейін төлеуге мүмкіндік алды. Бұл жалпы алғанда 360 миллиардтан астам теңгені қамтиды. Бүгінде шағын және орта бизнес күрделі жағдайға тап болды. Осы салаға қазір көмектеспесек, экономиканы қалпына келтіре алмаймыз. 700 мыңнан астам компания мен жеке кәсіпкерге салықтық жеңілдіктер жасалды. Сол арқылы олар 1 триллион теңгеге жуық қаржыны үнемдей алады. Шағын және орта бизнеске тиімді несие беру үшін қаражат бөлінді. Жұмысшы санын және еңбекақы көлемін азайтпау мақсатында ірі компанияларға тиісті қолдау көрсетіледі. Қазір олардың тізімі жасалуда. Оған ел экономикасы үшін аса маңызды компаниялар ғана енгізіледі.

Ауыл шаруашылығы еңбеккерлері қиындыққа қарамастан жұмыс істеуде. Шаруалардың еңбегіне дән ризамыз. Көктемгі егіс науқаны мәселелері шешімін тапты. Бұл жұмысқа ешқандай кедергі болмауы керек. Ауыл шаруашылығы министрлігіне және өкімдерге осындай міндет жүктеледі. Осы науқанға және өнімді алдын ала сатып алуға 200 миллиард теңге бөлінді. Соның 70 миллиарды тұқым өндірісін дамытуға,

тыңайтқыштар сатып алуға жұмсалды. Жалпы, азаматтар мен бизнес-ті қолдау үшін 6 триллион теңгеге жуық қаржы бөлініп отыр. Бұл – қомақты қаражат. Үкімет пен құзырлы органдардың міндеті – қаржының тиімді жұмсалыуын және осы үдерістің барынша ашық болуын қамтамасыз ету. Қол жеткізген нәтижемен шектелуге болмайды. Қалыптасқан ахуал өлі де күрделі. Коронавирус бүкіл әлемді жайлап келеді. Вирус жұқтырғандардың саны 3 миллионға жуықтады. Бұл көрсеткіш өсіп бара жатыр. Пандемияның екінші кезеңі басталып кетуі де ықтимал.

Қазақстан індеттің шарықтау шегінен өткен жоқ. Ахуалдың бақылаудан шығып кету қаупі бар. Өкінішке қарай, кейбір аймақтарда, әсіресе, Алматыда вирус жұқтырған дәрігерлер және медицина қызметкерлері өте көп. Сондықтан, солардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін шұғыл шаралар қабылдануда. Мәселенің анық-қанығын зерттеп, бұған жол берген басшылардың жауапкершілігін қарау керек. Мұндай жағдайларға жол бермеу қажет. Қауіпсіздік шараларын қатаң сақтаған жөн. Онсыз болмайды. Олай етпесек, індеттің жаңа ошақтары пайда болуы мүмкін. Коронавирусқа жеңіл-желпі қарауға болмайды. Карантин талаптарынан бір сәтте бас тартсақ, дертті қайтадан өршітіп аламыз. Коронавирус – адамның денсаулығына қатер төндіретін өте жұқпалы індет. Мұны бүкіл әлем мойындап отыр. Ал, оны жоққа шығарып, жұртқа жалған ақпарат таратудың арты жақсылыққа апармайтыны белгілі. Бұл – азаматтарымыздың денсаулығына нұқсан келтіретін әрекет.

Еліміздегі қазіргі ахуалға байланысты және Мемлекеттік комиссияның ұсыныстарын негізге алып, мен Төтенше жағдай режимін былығы 11 мамырға дейін ұзарту туралы Жарлық шығару жөнінде шешім қабылдадым. Бұл – біз бастан өткеріп жатқан күрделі кезеңнің талабы.

(Жалғасы келесі бетте)

1 МАМЫР — ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ БІРЛІГІ КҮНІНЕ ОРАЙ ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ ӘКІМІ ҚАЗЫБАЕВ АСҚАР ҚАЙЫРҒАЛИҰЛЫНЫҢ АУДАН ЖҰРТШЫЛЫҒЫН ҚҰТТЫҚТАУЫ



Қадірлі жерлестер!

Ардақты ағайын!

Баршаңызды береке мен бірліктің мейрамы 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

1 мамыр – барша қазақстандық ұрпақтың сабақтастығы мен біздің қауымдастығымыздың белгісі. Дәл осы күн жылдар бойы сақталып, тамырын тереңге жайған достығымыздың, бауырластығымыздың айқын көрінісі іспетті. «Бір ел – бір тағдыр» қағидасына негізделген келісім мен халық бірлігі Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың мемлекеттік саясатының іргетасы саналады.

Қазақстанда осы күні 130-дан астам ұлт бар болса, соның ішінде біздің облысымызда 90-нан астам ұлт өкілдері ынтымақтаса еңбек етуде, ауданымызда өзге ұлт өкілдерінен құралған «Достық» клубы бүгінде ауданымыздың қоғамдық-саяси және мәдени өміріне белсенді атсалысып, ауданымыздың әлеуметтік-экономикалық дамуына елеулі үлестерін қосуда.

Қадірменді жерлестер!

Баршаңызға мәлім, қазір бүкіл әлем өте күрделі ахуалды бастан өткеруде. Бұл қиындықты бөріміз бір халық, бір қоғам болып міндетті түрде еңсеріп шығатынымызға сенімім мол.

Сіздерге отбасылық береке, денсаулық, бақыт, істеріңізде табыс тілеймін. Мереке құтты болсын!

Құрметпен,

Ойыл ауданының әкімі

А.Қазыбаев

«БІЗ БІРГЕМІЗ» САЯБАҒЫ САЛЫНУДА

Біздің ауданымызда соңғы жылдары «Туған жерге тағзым!» акциясы қарқынды жүзеге асып келеді. Әсіресе балалар ойын алаңдары мен воркауттар, саябақтар өр көшелердің көркін келтіруге. Одан басқа «Туған жерім - тұғырым» - дейтін жерлестеріміздің туған жерге тарту еткен игі істерінің барлығына әрдайым куә болып келеміз.

Елімізде төтенше жағдай енгізілуіне байланысты бүгінгі қиын жағдайды бастан кешіп жатқанымыз белгілі. Алайда жерлестеріміз ауданымыздың әлеуметтік-экономикалық дамуына қолдан келген көмектерін

беруден аянып қалмауда. Осынау киелі өңірде дүниеге келген 1972 жылы туған балғындардың бірі бүгінде өр саланың тізгінін ұстап отырса, бірі өмірде өзіндік жолын тапқан тұлғаға айналды. Міне осы 1972 жылы туылған азаматтар жұдырықтай жұмылып, аудан орталығында «Біз біргеміз» саябағын салуда. Бұл саябақтың салынуы селоның көшесіне көрік бермек. Айта кетсек, алтын бесігінен алыста жүрген азаматтар да қаржылай көмектерін көрсетіп жатыр.

Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ,
Ойыл селосы.

30 ЖЕМІС КӨШЕТІ ЖАСТАРДЫҢ ТАРТУЫ

Қазақ «Ауылына қарап, азаматын таны», - деген керемет ұғым бар. Осы бір ұғымның астарына мән қойған ойылдықтар ауданның келбетін көркейтуге, абаттандырып, көгалдандыруға, тазалық жұмыстарын жандандыруға жыл сайын ат салысып келеді.

Осы орайда «Туған жерге тағзым!» акциясы аясында Ойылдың 1989 жылғылары бірігіп, Құрманов көшесінің бойына алма, алмұрт, өріктің әрқайсысынан 10 түптен барлығы 30 түп жеміс ағашын отырғызды. Отырғызылған әр түп жеміс ағашы күтіп, бапталуына байланысты бой көтеріп кетсе, көшелердің көркін ғана кел-

тірмей, жемісімен де талайды төңті етері сөзсіз. Сондықтан осындай жақсы іске жұмыла кіріскен 1989 жылғы азаматтар жеміс ағаштарын отырғызып ғана қоймай оның сыртын өдемілеп, ықшамдап, тормен қоршап берді. Малдың басы жетпейтіндей етіліп қоршалған жеміс ағаштарын суарып, әрдайым бақылап тұруды да өз мойындарына алды. Үлкендердің алғысына бөленіп, өзінен кейінгілерге үлгі көрсеткен 1989 жылғы азаматтарға біздің де алғысымыз шексіз.

Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ,
Ойыл селосы.

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ МӘЛІМДЕМЕСІ

Заңға сәйкес 11 мамырда Төтенше жағдай режимі аяқталады. Елімізді пандемияның шеңгелінен құтқару – бәрімізге ортақ міндет. Мен үшін әр азаматтың өмірінен қымбат ештеңе жоқ. Сонымен қатар Төтенше жағдай режимін қамтамасыз ету жөніндегі Мемлекеттік комиссия карантин талаптарын жеңілдетуге дайын. Алдымен, вирустың таралуын қатаң бақылауда ұстап отырған облыстар мен қалалардан бастауға болады. Мемлекеттік комиссияға елорданың үлгісімен еліміздің барлық аймағында өз жұмыстарына кірісетін мекемелердің тізімін жасау тапсырылды. Бірінші кезекте өнеркәсіп кәсіпорындары, құрылыс, жол құрылысы және көлік компаниялары, банктер және халыққа қызмет көрсету орталықтары жұмысқа кірісуі керек. Бірақ барлық санитарлық нормаларды сақтап, жұмыс орындарында үнемі дезинфекция жүргізіп тұру қажет. Күнделікті өмірде әлеуметтік ара қашықтықты ұстанған жөн. Кәсіпорын басшыларына және жергілікті атқару органдарына жеке жауапкершілік жүктеледі. Бұл орайда барлық деңгейдегі өкімдіктердің рөлі айтарлықтай артады. Үкімет келесі айда да табысынан айырылған азаматтарға 42500 теңге көлемінде көмек береді. Қайтадан өтінім жіберудің қажеті жоқ. Төлем бұрын ұсынылған құжат бойынша жүзеге асырылады. Мұқтаж отбасылар азық-түлік ала береді. Оқшаулану кезінде ата-аналарға кішкентай балаларымен төрт қабырғаға қамалып отыру оңай емес. Мемлекеттік комиссия өкімдіктермен бірлесіп, аулаларды және ойын алаңдарын ашу мәселесін ойластыруға тиіс. Әрине, алдымен, барлық санитарлық нормалар мен санитарлық қауіпсіздік талаптарын қатаң сақталуы керек. Саяжай иелері де қатты алаңдап отыр. Өйткені, қазір көктемнің дәл ортасы, жұртқа қолайлы кезең. Мемлекеттік комиссия бұл мәселені қарастырды, енді оны шешу жолын айтады. Елімізде жолаушыларға арналған барлық өуе тасымалы тоқтады. Бұл дер кезінде қабылданған дұрыс шешім болды.

Дегенмен, салыстырмалы түрде жағдайдың тұрақтанғанын ескеріп, Үкімет 1 мамырдан бастап Елорда мен Алматы арасындағы рейстерді ашатын болды. Мұндай шара азаматтармен қатар індетпен күресіп жүрген көптеген мамандардың жұмысы үшін қажет. Барлық қауіпсіздік шараларын мұқият ойластырып, авиациялық және санитарлық қызметтердің өзара іс-қимыл

тәртібін өзірлеу маңызды. Карантин режимін біртіндеп жеңілдету дегеніміз өзіміз үйренген күнделікті тіршілікке қайта оралу емес екенін ұғынғанымыз жөн. Ойын-сауық және сауда орталықтары, кинотеатрлар, ресторандар, саябақтар мен адам көп жиналатын басқа да орындар өзiрге жабық болады. Жоғары оқу орындары, колледждер, мектептер қашықтан оқытуды жалғастыра береді. Ел тұрғындарын бұл шараларға түсіністікпен қарауға шақырамын. Халқымызда «Төзім тілекке жеткізеді» деген мақал бар. Сондықтан сабыр сақтайық.

Күннің жылынуы мен карантиннен шаршағандық жауапсыздыққа себеп болмауға тиіс. Карантин режимі бұзылса, коронавирусқа шалдыққандардың саны күрт көбейіп кетуі мүмкін. Әсіресе, созылмалы ауруы бар және егде адамдар ерекше сақ болуы керек. Тіпті, кішкентай балалар да ауру жұқтыруы мүмкін екенін байқадық. Сондықтан олардың денсаулығына бей-жай қарауға болмайды. Өзірге бұл вирустың вакцинасы жоқ. Карантин шараларын қатаң ұстансақ қана індеттен құтыламыз. Аса қажеттілік болмаса, ешқайда шықпай, үйде отырыңыздар. Бұл, әсіресе, қазіргі қасиетті Рамазан айында өте маңызды. Осы кезеңнің де асыл мұраты – шыдам мен төзім, сабыр мен қанағат екенін білесіздер. Биыл Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы Оразада бірқатар рәсімнен тартынууды ұсынды. Сондықтан осындай уақытта ауызашардың өзін көпшілікпен бірге өткізе алмайтынмыз белгілі.

Алдағы майын айындағы мереке-лерді де үйде атап өтуге тура келеді. Бірақ, Жеңіс күнінде Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің бірде-біреуі елеусіз қалмайды. Бөріне лайықты құрмет көрсетіледі. Өкімдер соғыс және тыл ардагерлеріне материалдық көмек береді. Денсаулық сақтау министрлігі ауруды тест арқылы анықтау жұмысын барынша күшейтуге тиіс. Оны халықаралық стандартқа сәйкес тәулігіне кем дегенде 20-25 мыңға дейін жеткізу қажет. Осыған орай, Үкіметке қысқа мерзім ішінде отандық тест-жүйесінің өндірісін қолға алуды тапсырамын.

Біз иммунобиологиялық препараттарды өзірлеу үшін қолда бар мүмкіндіктерімізді толық пайдалануымыз керек. Вакцина қолжетімді болған кезде Қазақстан шетелдің дәрі-дәрмегін күтіп отырмауы қажет. Дағдарыстан кейін де біз медицинаны дамытуға баса мән береміз. Бұл

салаға мемлекет тарапынан ауқымды қолдау көрсетіледі. Үкімет Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы жаңа кодекс жобасына осы саланы жетілдіретін нақты ұсыныстар енгізуге тиіс. Парламент бұл кодексті сессияның соңына дейін қабылдайды деп ойлаймын. Біз қазірден бастап дағдарыстан кейінгі кезеңге дайындалуымыз керек. Бұл жөнінде Елбасы Қауіпсіздік Кеңесінің 24 сәуірде өткен отырысында нақты айтты. Үкімет пен Ұлттық банк 11 мамырға дейін Экономикалық даму-ды қалпына келтіру жөніндегі кешенді жоспарды дайындайды. Онда дағдарыстан зардап шеккен салаларға қолдау көрсету шаралары қамтылады. Бүгінде еліміз дамудың жаңа деңгейіне қадам басып отыр. Шын мәнінде, біз енді мүлде жаңа жағдайда өмір сүретін боламыз. Сондықтан экономикаға және мемлекеттік басқару жүйесіне ауқымды әрі маңызды өзгерістер қажет. Індетпен күрестің алдыңғы шебіндегі азаматтарды тағы да ерекше атап өткім келеді. Халықтың қауіпсіздігі үшін жанкештілік танытып жүрген дәрігерлер мен медицина қызметкерлеріне, құқық қорғау органдарының өкілдеріне және әскери қызметшілерге алғыс айтамын. Қауіп-қатерге қарамай мұқтаж жандарға көмек қолын созған волонтерлерге де ризашылық білдіремін.

Сондай-ақ, халыққа жедел және шынайы ақпарат таратып жүрген журналистер қауымына алғыс айтамын. Дағдарысқа қарсы шараларды жүзеге асыруға атсалысқан мемлекеттік аппараттың қызметкерлері де құрметке лайық. Қазақстан халықаралық қоғамдастықтан еш нәрсені жасырмай, барлық мәліметті ашық жариялап отыр. Сондықтан кейбір азаматтарды бос сөз бен жалған мәліметке жол бермеуге шақырамын.

Әрине, мемлекеттік органдардың жұмысында олқылықтар бар, бірақ, мемлекеттік қызметшілердің көпшілігі жұмысын адал атқаруда. Кемшіліктерді біз көріп отырмыз. Одан тиісті сабақ алып, қажетті шараларды қабылдаймыз. Бұл дағдарыс бірлігі бекем, елін сүйетін отаншыл жұрт екенімізді көрсетті. Қашанда осылай ұлт болып ұйыса білсек, барлық мақсатымызға қол жеткіземіз. Оған ешқандай күмән жоқ. Елдің қамы үшін бастаған ісіміз қайырлы болады деп сенемін! Халқымыз «Береке басы – бірлікте» дейді. Жұдырықтай жұмылсақ, кез келген қиындықты жеңеміз! Біз біргеміз!

КАРАНТИН КЕЗЕҢІ:

ауқандығы білім берудің жаңы қаңдай?

Еліміздегі төтенше жағдайға байланысты, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрлігінің 01.04.2020 жылғы №123 бұйрығы негізінде 2019-2020 оқу жылының 4-ші тоқсаны 6-шы сәуірден бастап қашықтықтан оқу жүйесімен оқу процесі басталып кетті. Соңғы уақытта қашықтықтан оқу процесінің ұйымдастырылуы туралы көптеген сұрақтар келіп түсуде. Адамдардың бойында, әсіресе, осындай қиын кезеңде, жаңа әрі белгісіз нәрсеге деген қорқыныш сезімінің болуы – қалыпты жағдай. Жаңа режимде жұмыс істеу, дәстүрлі емес білім беру формасын аз уақытта меңгеру педагогтер үшін де, балалар үшін де, біраз күш-қуатты талап ететінін баса айтқым келеді. Қашықтықтан білім беруге көшу – коронавирустық инфекцияның таралуын азайтуға бағытталған шаралар аясында жүзеге асып жатқанын барлығы түсінгені жөн. Сол себепті де, қазіргідей төтенше жағдай кезінде ата-аналар балалардың уақытын тиімді өткізе деген ұсынысым бар. Бүгінгі қашықтықтан оқыту жүйесі ата-аналарымызға кейбір қиындықтарды туындатуы мүмкін екенін жақсы түсінеміз. Бір отбасында бірнеше оқушы болған жағдайда бір компьютер мен бір смартфонды пайдалану ыңғайсыз болуы немесе қажетті техниканың мүлдем болмауы да мүмкін. Кейбіреулерде интернет байланысы мүлдем жоқ немесе өлсіз. Президентіміз қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру үшін барлық қажетті шараларды қабылдауға тапсырма берді. Бұл мәселелер қазір ерекше бақылауда. Мектептегі компьютерлерді оқушылар мен мұғалімдерге уақытша пайдалануға беру, тіпті, қажет болған жағдайда, мектептерге қосымша техника (планшеттер немесе компьютерлер) сатып алып, оларды да уақытша пайдалануға беру мәселелері қарастырылды. Бүгінгі күні ауданымыздағы 23 білім беру ұйымындағы 3280 білім алушыларының 5 мектептегі 1733 оқушысы ақпараттық портал арқылы қашықтықтан оқуда. Ал қалған 18 мектептегі 1487 оқушыға білім беру «Балапан», «Еларна» телеарналарымен, электрондық құрылғылармен және тапсырмаларды курьерлердің көмегімен үйге жеткізу қызметі арқылы жүргізілуде. Арнайы мамандандырылған интернет-платформалары арқылы өткізілетін цифрлық жүйелер оқушы-

ларға өткен сабақты немесе бұрын талқыланған тақырыпты қайта қарауға, сондай-ақ онлайн-сабақ өткізуге, кері байланыс орнатуға зор мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бұл формат тестілеу жұмыстарын өткізуге және алған білімдерін бағалауға мүмкіндік жасайды. Бұрын мұндай компаниялардың білім беру контентіне қол жеткізу ақылы болса, осы кезеңде біздің балалар барлық керек ақпаратты және платформаларды тегін пайдалана алады. Ата-аналардың көмегімен оқушылар толық электрондық құрылғылармен қамтылып, мектептердегі компьютерлер 11 отбасының 37 оқушысына ата-аналар тарапынан жауапкершілік міндеттеме ала отырып берілді. Елді-мекенде интернет желісінің жоқтығына және ұялы байланыс желісінің өлсіз болуына байланысты оқу процесі курьерлердің қызметі арқылы қашықтықтан оқыту жүргізіліп келеді. Мұғалімдердің, курьерлердің жұмыс істеу кестесі жасақталып, санитарлық жағдайлар қатаң бақылауда. Санитарлық-эпидемиологиялық жағдайларды қамтамасыз ету мақсатында қажетті залалсыздандыру жұмыстары жүргізіліп, білім беру ұйымдарының жұмысы бақылауда. Бүгінгі күні барлық мұғалімдер мен мектеп өкімшілігінің еңбектерінің арқасында көптеген жұмыстар жасалып, төртінші тоқсанның 2 аптадағы оқу процесі ойдағыдай өткізілді. Мамыр айының алғашқы жөне үшінші онкүндігінде бөлімді немесе тарауды қорытындылау сынақтары ұйымдастырылады. 9-11 сынып оқушыларына қорытынды аттестаттау және клас-тан класқа көшу емтихандары болмайтындықтан оқушыларымыз үшін бұл сынақтар маңызды. Қазіргі таңда осы бөлім бойынша жиынтық бағалау/ тарау бойынша жиынтық бағалауды білім беру ұйымдарында ұйымдастыру жұмыстары жүргізілуде. Биылғы ұлттық біріңғай тестілеуге қатынасатын мектеп бітіруші түлектер де қазір тестілеуге қатынасу үшін онлайн өтініштер тапсырып жатыр. Аудандық білім бөлімінің қызметкерлері мен барлық педагог-түлектер бірлескен қыс-жігерімізді арқасында осы кезеңді абыроймен еңсере алатынымызға шын жүректен сенемін.

С. МЕРУЕНОВ,
Ойыл аудандық білім, дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы.

ҰБТ 2020 СҰРАҚТАРЫ

Ұлттық бірыңғай тестілеудің сұрақтары мектеп бағдарламасының шеңберінде меңгерілетін негізгі тақырыптарды қамтиды.

Оқу бағдарламасына сәйкес 11-сынып оқушылары IV тоқсанда, негізінен, бұрын оқылған материалды қайталап, бекітеді, яғни, 11-сыныптың соңғы тоқсанында жаңа тақырыптар аз.

Осыған байланысты Ұлттық тестілеу орталығы 2020 жылғы ҰБТ-да пайдаланылатын сұрақтар IV тоқсанның бағдарламасын қамтымайтынын мәлімдеді.

Ұлттық тестілеу орталығының директоры Дидар Смағұловтың айтуынша, мамандар тест тапсырмаларының мазмұнын егжей-тегжейлі талдады.

Ол, сондай-ақ, ҰБТ-ны өткізу бұрынғы форматта қалатынын, алайда қосымша санитарлық шектеу шаралары енгізілетінін атап өтті. Сонымен қатар, карантин ұзартылған жағдайда ҰБТ-ді өткізудің балама нұсқасы дайындалуда.

ВОПРОСЫ ЕНТ 2020

Вопросы Единого национального тестирования охватывают основные темы, осваиваемые в рамках школьной программы.

Согласно учебным программам в IV четверти школьники 11-го класса, в основном, закрепляют изученный ранее материал, то есть новых тем в последней четверти в 11 классе мало.

В связи с этим в Национальном центре тестирования заявили, что вопросы, которые будут использованы на ЕНТ 2020 года, практически не охватывают программу 4 четверти.

По словам Директора Национального центра тестирования Дидара Смағұлова, специалистами детально проанализировано содержание тестовых заданий.

Также он отметил, что проведение ЕНТ останется в прежнем формате, однако санитарные меры будут усилены. Кроме того, на случай продления карантина готовится альтернативный вариант проведения ЕНТ.

«БІРЛІК ТҮБІ – БЕРЕКЕ!» - ДЕГЕН ОСЫ

Коронавирус індеті қанат жайғанда Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы пандемия деп жариялады. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев дереу кезек күттірмейтін шешімдер қабылдады. Өлемдік ақпарат көздері таратқан мәліметтерге сүйенсек, мемлекет басшысының сол сәттегі батыл қадамдарының дұрыстығына көз жеткізіп отырмыз.

Ескермеген кейбір мемлекеттердің басшылары аурудың кең таралуына жол беріп алып, кеш қимылдап қалғанын да көріп отырмыз. Біз «Мың қосшыдан бір басшы!» қағидасына сүйендік. Батпандап келген аурудың таралуын тежедік. Әрине, карантин талаптарын бұзып, опық жегендер болды. Төтенше жағдай режимінің енгізілуіне орай уақытша табысынан айрылған азаматтарға мемлекет тарапынан қаншама қолдау жасалып жатыр. «Nur Otan» партиясының бастамасымен жүзеге асқан «Біз біргеміз!» акциясы халқымыз асыл қасиетін тағы бір паш етті. Әлі де бір-біріне қамқор қолын созып жатқандар бар. «Бірлік түбі – береке!» - деген осы. Азық-түлік бағасының көтерілуіне де жол берілген жоқ. Рас, жіберілген ағаттықтар болды. Бірақ, дүрбелеңге жол бермей, «Тәртіпке бағынған құл болмайды!» - деген Бауыржан атамыздың қанатты сөзіне сүйендік.

«Күннің жаманы кетеді» - дейтін ұлттың өкіліміз. Бұйыртыса, мамыр айының 11-і күні Төтенше жағдай режимі аяқталады. 1 мамырдан бастап Елорда мен Алматы арасында рейстер ашылады. Әрине, әлі де аурудың таралуына жол бермеу үшін шектеулер болады. Ол елдің болашағы үшін жасалып отырған қадам!

Берік БИСКЕНОВ,
Аудандық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы.

КЕШЕНДІ ШЕШІМ – КЕЛЕШЕКТІҢ КЕПІЛІ

Кеше Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздегі төтенше жағдайға байланысты мәлімдеме жолдады. Мәлімдемеде Президент ауыл шаруашылығы еңбеккерлері қиындыққа қарамастан жұмыс істеп жатқандығына тоқталып өтті. Шаруалардың еңбегіне дән риза екендіктерін де ашып айтқан. Төтенше жағдай кезінде көктемгі егіс науқанына ешқандай кедергі болмауы керектігін атай келе, ауыл шаруашылығы министрлігіне және өкімдерге осындай міндет жүктеді. Осы науқанға және өнімді алдын-ала сатып алуға 200 миллиард теңге бөлінген. Соның 70 миллиарды тұқым өндірісін дамытуға, тыңайтқыштар сатып алуға жұмсалатынын мәлім етті. Осы бағытта бізде жерге түрен тастап, дән егу жұмыстарын бастап кеттік. Өйткені, бұл ауыл шаруашылығындағы маңызды міндеттердің бірі деп білеміз. Мал бағумен қатар егіс егу жұмыстары да мардымды жүзеге асса, экономикамызға оң әсерін беретіні сөзсіз. Сондықтан ауданымызда қуаңшылық салдарынан кенже қалып келе жатқан жұмыстың көрсеткіші төмен. Өйтсе де енжарлыққа еті үйренбеген шаруалар егін егуден қол үзген емес. Ылғалды жерге себілген дәннен мол өнім алуды көздеп отырмыз.

Жұма ЖАҚЫП,
«Жақып» шаруа қожалығының төрағасы.

ЕРТЕРЕКТЕ ТІЛШІЛІК ҚЫЗМЕТКЕ КІРІСКЕН КЕЗДЕ МҰҒАЛИМ ТУРАЛЫ АЛҒАШҚЫ ТҰЙЫНДЫЛАРЫМДЫ ОҚЫҒАН ЕЛГЕ СЫҰЛЫ АЗАМАТ «ШЫРАҒЫМ, МҰҒАЛИМНІҢ БӘРІ ҰСТАЗ БОЛУЫ МҮМКІН ЕМЕС! ҰСТАЗ - ДЕГЕН ҰЛЫ ҰҒЫМ. ЕКІНІІ БІРІНЕ ТЕЛУ БЕРУГЕ БОЛМАҰДЫ. ТІПТІ, КЕРЕК ДЕСЕҢ, ҚОҰШЫНЫҢ ДА ҰСТАЗЫ БАР...» - ДЕП, ӨЗІНІҢ ТҰЖЫРЫМЫН ТҮСІНДІРДІ. ӘРИНЕ, СОЛ УАҚЫТТА АҚСАҚАЛДЫҢ КЕҮБІР ПІКІРІМЕН КЕЛІСПЕСЕМ ДЕ, ОҰЛАНЫП ҚАЛДЫМ. ХАЛҚЫМЫЗДЫҢ БІРТУАР ҰЛЫ, ҚАҢАРМАН ПЕРЗЕНТІ БАУЫРЖАН МОМЫШ-ҰЛЫНЫҢ «ҰСТАЗДЫҚ - ҰЛЫ ҚЫЗМЕТ» ДЕГЕН СӨЗІ ЕРІКСІЗ ЕСІМЕ ТҮСТІ...

Менің бүгінгі кейіпкерім – Ғалия апай! Азан шақырып қойған аты – Сақыпжамал болғанымен, елге Ғалия Бекешова болып танылды. «Ұстаз» - деген ұлы ұғымға нағыз лайық тұлға! Осыдан тура елу жыл бұрын қазіргі Атыраудың институтын бітіріп, Ойылдың Қаракемер ауылына келін болып келген Ғалия апай шынұайтында өзінің тынымсыз еңбегімен тұлға болып қалыптасты. Әрине, өзі келген жоқ. Дұрысы, сол уақыттағы ауыл спортының көгінде жүрген, өзі де Атыраудың институтын бітірген «Ел мақтаған жігіт...» Бақтығали ағамыз алып келді. Тумысынан пысық, сол уақыттағы ұлттық ұғыммен кеңестік тәрбиенің ұштасқан патриотизмімен сусындаған

«БАТЫЛ ЖҮРЕКТІҢ» ИЕСІ



да, бағына таласпа!» - дегендей, Ғалия апайдың бағына білімге құштар, белсенді, негізінен ауданның сол уақыттағы «сүт бетіндегі қаймағының» балалары топтасқан класс тап болды. Қыздармен құрбысындай сырласып, анасындай ақылын айтып, ұлдарды ұлағатты сөздермен қайрап, көп кешікпей мектептің маңдай алды класы болып шыға келді. Класындағы қыздардың «Болмаса

ғанда, алғашқы мүшесі болды. Ауданды қойып, облыста да ойып орын алған ансамбль болды. Сабағынан тыс уақытта қоғамдық жұмыстың бел ортасында жүріп, арасы бір-екі жас-тан бірінен соң бірі өмірге келген балалардың тәрбиесі мен тамағы, жуылатын кір-қоңы, жағатын оты бар, азаматының келдім-кеттім қонағын қарсы алуды қоссаңыз, бәрі тек қол еңбегіне тәуелді уақытта «Қалай үлгерді екен?» - деп еріксіз таң қаласыз!

1983 жылы аудан орталығында жаңа мектеп ғимараты салынып, іргелі білім ордасы екіге бөлінді. Сол уақытта Ғалия апай Ойыл сегіз жылдық мектебінде мұғалім болып қалды. 1986 жылы мектеп директорының орынбасары болып тағайындалды. Мектептің бастауыш партия ұйымының хатшысы болып тұрған тұста, Ғалия апайдың аудандық партия комитетінің бюро мүшесі болып сайлануын атқарған қызметіне құрмет екенін аға буын ғана біледі.

Еліміз тәуелсіздік алған жылдары мектептегі тәрбие жұмысы мүлдем басқа арнаға ауысты. Сол уақытта жаңа қоғамның талабына сай ұлттық тәрбиені ұлттық педагогикамен ұштастыруды ойластырған Ғалия апай облыста алғашқылардың бірі болып «Салауатты өмір салтын қалыптастыру» бағдарламасымен жұмыс жасады. 1996 жылы сол мектептің тізгінін ұстағанда облыстық мұғалімдердің білімін жетілдіру институтының әдіскерлерімен тұрақты байланыс орнатып, оқу-тәрбие процессіне көптеген жаңалықтар енгізді. Үнемі ізденіспен енгізген жаңашылдықтары да нәтижесін ұзақ күттірген жоқ. Ойыл қазақ орта мектебі облыстың ауыл мектептері арасындағы байқауда бас жүлдені жеңіп алды.

Ғалия апайдың мектеп басшысы ретінде қайраткерлігін көрсеткен тұсы да сол кезең. Көмір жоқ, мұнай тапшы. Мектепті жылыту мұң болған тұста жігіттерді жұмылдырып, өзі күндіз-түні бірге жүріп жырақтағы мектептің жылу қазандығын үш күнде мектептің іргесіне көшірді. Қазіргі Ойыл қазақ орта мектебінің орта мектеп мәртебесін алуына Ғалия апайдың тигізген септігі көп. Тіпті 2000-шы жылдардың басында Ойылдағы ата-аналардың балаларын осы мектепке беруге тырысқанын көзіміз көрді.

Ғалия апай мектеп директоры болған білім ордасындағы әр баланың отбасын, тұрмыс жағдайын зерттеп, класс жетекшілеріне кеңес беріп отыратын. Мектепке келген жас мұғалімдердің сыртқы келбеті, сөз саптауы мен киім үлгілеріне көңіл бөліп, ақылын айтып отырғанына кәу болған замандастары оқушыны ғана емес, жас мұғалімдердің бойындағы қасиетті дамытуға, қалыптастыруға көп күш салғанын айтады. «Сен

ешбір жаңа нәрсе меңгермеген және өзіңнің біліміңе еш нәрсе қоспаған күнді немесе сағатты бақытсыз сана» - деп ғалым Коменский айтқандай, «Мұғалімнің әрбір күні ізденіске, жетістікке жетуге деген талпынысқа толы болуы керек екені жас мамандарға үнемі айтып отыратын» - дейді ізбасарлары.

«Егер бір жылдығыңды ойласаң, егін ек, жүз жылдығыңды ойласаң, ағаш ек, ал мың жылдығыңды ойласаң адам тәрбиелеп, білім бер» - деген ежелгі данышпан ғұламалардың сөзіне сүйенсек, Ғалия апай жүз жылдығын да, мың жылдығын да ойлаған адам. Мектептің оқу, тәрбие жұмыстарымен қатар, оның сыртқы келбетіне де көп көңіл бөлді. Мемлекет ақша берген жоқ деп отырмады. Мектепке басшылық еткен тұста Ойыл орман шаруашылығының мамандарын әкеліп, отырғызған қарағайлары қазір мектептің көше бетіне көрік беріп тұр.

Тіпті бір жылы Саралжын ауылдық

«Ұстаз» деген ұлы сөзді аузыма алғанға алқыммен көз алдыма өзімнің екі ұстазым келеді. Алғашқысы – Бүбі апай болса, екіншісі – Ғалия апай. Әрине, қолымызға қағам ұстатып, білімнің баспапқағына жетелеген Бүбі апай болса, Ғалия апай өмірдің құрмеңіңде өзіңнің орныңды табуға баулыды.

Алпы жыл біздің класқа жетекшілік еткенін айтпағанға, тәрбие сағаты, болмаса басқа да басқосыларға сабақта ғана емес, қонақта қалай отыру керек, қасық-шанышқыны қалай ұстау қажеттігін де түсіндіруде жапыққан жоқ. Қыз болып бой жете бастағанға, киімді таңдау, тіпті қалай бояну керектігін де тәптішпен түсіндіріп отыратын. Әсіресе, қыз баланың әдепке айналатын әдеттерін ұлттық қырыққан ұстастыра отырып, оқушыны мейірімді мінезімен бағындыратын еді. Апайдың ақылдарының бәрі «өмір мектебінде» кәсімізге асты. Сондықтан класстағы қыздардың басым бөлігі «болмасақ та», апайға «ұқсап бағуға» тырыстық...

Апайдың сабақты түсіндіруі мүлдем бөлек. Өсімдік пен жануарлар әлемі, адамның дене құрылысы туралы әр сабақта кітаптағы тапсырмадан тыс қауындалып кетемін. Ал класстан тыс, қоғамдық жұмыстардан қалу біз үшін небір қызықтан құр қалудың тең еді. Соған болар, біздің класстың талай жерге топ жарып, мектептің де мерейін асқақтатқан сәттері көп болды. Білім мен тәрбиені тең беріп, талай шәкіртінің жүрегінен орын алған Ғалия апайды көктемнің шуағына шомылған сәттеміз мерейлі жасымен құттықтауымын! Отбасындағы жарасты қуаныштары жапғасын таға берсін!

Ақмарап БУЖАНОВА, шәкірті, Ойыл қазақ орта мектебінің мұғалімі.

округінің алқабына тары егіп, оны жинайтын комбайн болмай, мектептің бүкіл қызметкерін жауып, тарыны қолмен орғызып, мектептің спорт залына үйгізіп, аяқпен бастырып, тарыны сатып, түскен қаржыны мектептің жарығы мен жылуы сияқты мұқтажына жұмсады. Енді бір жылы картоп екті. Қолында адам күшінен басқа құралы болмаса да, мектепке қосалқы шаруашылық жүргізудің үлгісін көрсетті.

Ғалия апайдың бастамасы сол мектепте өлі күнге жалғасып жатыр.

Апайдың сол уақыттағы қоғамдық жұмыстары тек мектеппен, білім саласымен шектелген жоқ. Аудандағы

өйелдер кеңесінің төрайымы болған тұста тұрмысы ауыр, өлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасыларды үнемі аралап, жағдайларымен танысып, біреулеріне отын-су жеткізуге, біреулеріне азық-түлік алуына ұйытқы болса, кейбір отбасылардың балаларына киім-кешек, оқу құралдарымен қамтуға қайырымдылық шараларын ұйымдастырды. Осындай тынымсыз тірліктің ортасында өнерден де қол үзбей, өртүрлі шараларда өн салып, көрер-мендердің ықыласына бөленді. Кейіннен аудандық деңгейде «Ұстаз. Ана. Басшы» деген өзінің шығар-машылық кешін өткізді. Нағыз «Ұстаз» – диқан сияқты, - дейді. Шындығында солай. Ғалия апай да оқушының санасына ақыл мен білімнің дөнін сеуіп, әр оқушының жан дүниесін нұрландырып, жүрегіне шапағат нұрын төкті. Шәкіртіне білім мен тәрбие беріп қана қоймай, әр шәкірттің жүрегінен орын таба білді. Нағыз ұстаз бақытына бөленді. Өзінің сүйікті кәсібінен ләззат алды. «Ұстаз» деген ардақты, киелі, үлкен құрметпен айтылатын сөзге Ғалия апай нағыз лайық. Алдындағы шәкіртіне өнегелі тәрбие беріп, «Білім» атты кемеге отырғызып, болашаққа жол көрсетті. Балаларды анасындай өлпештеп, маңдайынан сипады.

Оқушының бойына өдеп, өдет, дағды сияқты жақсы қасиеттерді қалыптастыра білген Ғалия апай ағайынның арасында да өзінің өнегелі ісімен сый-құрметке бөленді. Үлкендеріне ізетпен құрмет көрсетсе, қайыны-келіндеріне қамқор болып, ақылымен жол сілтеді. Үлкен жүректі үлгілі отбасының отанасы өздерінің қатар-құрбыларының ортасында да ісімен ізет көрсетіп, өнерімен өрісін кеңейтті. Қандай ортада да Ғалия апай өн салмай кеткен басқосу жоқ шығар... Әсіресе, «Гөкүді» шырақ-ғанда шын беріліп, образға еніп кететін. Ағайынның, мектебіннің, тіпті ауданның абыройы үшін, жаман аты шықпасын деп шапқылап жүргенде, өзінің денсаулығының сыр бере бастағанын да сезбей қалды. Амалсыз бөрінен қол үзуге тура келсе де, бүгінде жетпістің төріне шыққан

«Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» - деген сөз орынқы айтылған. Баланың бойындағы шынайы білім, біліктілік қазғыпары, мінезі, қайырымдылығы жақсы ұстаздың сіңірген әдеті болса керек...

1975-1980 жылдар арасында бізге класс жетекші және ботаника, зоология, анатомия, биология пәндерінен дәріс беріп, табиғат пен адам жанының қиыспасын түсінуге зор ықпал еткен Сақыпжамал (Ғалия) Бекешова апайымыз біз үшін ірі тұлға. Ол өзінің бойындағы аналық мейірімін білімнің тәжірибесін алқындығы шәкірттеріне беріп, біздердің өмірден өз орынқарымызды ақсапай табуға, тура жолмен жүруге тәрбиеледі. Шәкірт-ұстаздың қарсы қана емес, өмірлік ұлағат тәрбие алағы деген сөз, сонау 1980 жылы мектепті аяқтаған 10 «а» класының 32 оқушысының 18-нің жоғары оқуға түсуі және оның 10-ның мұғалім мамандығын таңдауының куәсі іспетті. Біздерге өмір сүрудің мәнін ұғындырып, оның қыр-сырын ашқан, адамқардың құныелік түсінігін тереңдеткен Ғалия апайымызға деген сый-құрметіміз ерекше. Бүгінгі таңда осы апайымыз саған сара жолмен жүріп, оқушыларға құрыс тәрбие мен тағылым беру жолында көптеген шәкірттері еңбек етуде. Ұстаз бен шәкірт арасындағы өзара сыйластық пен қамқорлық сезімдер, институтты бітіріп келген жас маман біздердің апаймен бірге жұмыс жасаған кезде өз ісімен және қолғау көрсетуімен білім мен біліктілікті өмірде қолдануың жақсы үлгісі болып білді.

Еңдеше өз ісіне берілген жаңалықты жатсынбай қабылдаған шәкірттерінің жанына нұр құйып, өмірде өзі де бақытты болып, өзгелерді де бақытқа жеткізген деген ұстанымды беріп ұстанған Ғалия апайымыздың асқаралы жасы құтты болсын! Ағаймен екеуі немере, шөбере қызықтарына бөленіп, әдемі өмір сүре беруіне тілектеспін!

Маржан ЖОНЫСОВА, шәкірті, Ж.Жұсіпұлы атындағы Ойыл қазақ орта мектебінің директоры.

буынның өкілі алақандай ауылдың сегіз жылдық мектебінде жүріп-ақ өзінің белсенділігімен көзге түсе бастады. Әрине, ауыл мектебі жас мамандарды алақайлап қарсы алды. Сонымен қатар, мектептің пионерлер ұйымының жетекшісі қызметін қоса атқарды. Тек бір қиналған сәті апта сайын өтетін дружина жиынында мектеп директорына рапорт беру. Әрине, алғашқыда оны өзі де аңдаған жоқ. Рапорттың «Апта сайын өтетін жиынға дружина дайын!» - деген қалыптасқан мәтіні бар. Сол мәтінде екі қайнағасының аты қатар бар екен. Аңғарымпаз абысындары аңдап қалып, Бақтығали ағамызды қағытса керек, «Біздің келін екі қайнағасын қатар «ұрып» жіберді» - деп...

Апайды көп кешікпей қайнағаларын атаудан ауданға қызметке ауысқан Бақтығали ағамыз «құтқарды». Ғалия апай Ойылдағы білім ордасының қара шаңырағы сол уақыттағы Н.К.Крупская атындағы Ойыл қазақ орта мектебінде еңбек жолын жалғастырды. «Жігіттің тағына таласқан

да ұқсап бағуға тырысқан» идеясына айналды. Сондықтан, сол кластан мұғалімдік мамандықты таңдаған жастар көп болды. Олардың барлығы да жоғары оқу орнын бітіре сала алайларымен үзеңгілес еңбек етіп, атына кір келтірмеген ізбасары бола білді. Мұғалімнен үлгі-өнеге, білім-тәрбие алып, өмір теңізіне құлаш ұрған кез-келген шәкірті ұстазымен мақтанса, әр шәкірті өмірде өз орнын тауып, Абай айтқан «дүниенің кетігіне кірпіш болып қаланып», ұстазынан озып жатса, төккен тері мен адал еңбегінің ақталғанына ұстазы мақтанады. Ғалия апай қазір сондай шәкірттерімен мақтана алады.

Сол тынымсыз еңбектің жемісі ұзақ күттірген жоқ. Отыз жасында-ақ «Қазақ ССР-і білім беру ісінің үздігі» деген төсбелгіге ие болуы көп жайды аңғартса керек. Әрине, бұл жерде тек бір кластың жетістігі ескерілмесе керек. Тіпті өзінің шығармашылық шеберлігін шыңдауға да уақыт тапты. Өуелден өнерге жақын Ғалия мектепте «Аққайың» ансамблі құрыл-

Болған оқиға ізімен

СОҒЫСТАН ҚАШҚАН ҚҰЛА АЙҒЫР

БИЫЛ ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫНЫҢ АЯҚТАЛҒАНЫНА 9 МАМЫРДА 75 ЖЫЛ ТОЛАДЫ. ОСЫҒАН ОРАЙ МЫНАДАЙ ҚЫЗЫҚТЫ ДА, ҚАЙ-ҒЫЛЫ ЖАЙДЫ ГАЗЕТ ОҚЫР-МАНДАРЫНА ҰСЫНУДЫ ЖӨН КӨРДІМ.

Бұл соғысқа біздің сол кездегі №22 Тамдықөл ауылдық советіне қарасты шағын алты колхоздан екі жүзден астам жасы он сегізге толған жас жігіттер мен елуден аспаған егделер түгел аттанды. Бұл 1942 жылдың қаңтар айы болатын.

Әлі көз алдымда, соғысқа сапар шеккендер қолдарындағы киім-кешектерін нар өгіз жегілген шанаға арта салып, сол көліктің артынан жабу шұбыртып бара жатқандары. Артынан улап-шулаған аналары мен қарындастары бірін-бірі құшақтай зарлап, аман болса келер-ау деп жұбатып, көз жастарын көл қылып, ауылда қала бергені.

Сол қанды қырғыннан елге оралғаны жырмаға жетер-жетпес жауынгер болды. Олардың бірі қолын, бірі аяғын сол майдан даласында қалдырып жарым-жан болып, туған жеріне жеткендер болса, басым көпшілігі қанды қол фашистер оғының құрбаны болып, соғыс даласында қалды.

Елі, жері үшін шайқаста шыбын жандарын пида еткендер жөнінде жазамын деген қаламгерлерге қызықты да қайғылы оқиғалар көп...

Менің жазбағым мүлде басқа оқиға. Әкем жастайынан байлардың жылқысын бағып үйренген адам екен. Ол кәсібі кейінгі коллективизацияға ұласып, өр қожалықтан ортаға түскен азды-көпті жылқыларын күтіп бағу бұйырыпты.

Жылқы табыны елден шеткері өрісті алқабында бағылатыны белгілі ғой. Сол кезеңде біздің елдің жылқы ауылы Байқоңыр жайлауында болса керекті. Бұл қоныс Ойыл өзенінің оң жақ жағасына орналасатын. Ал өзеннің батыс беткейі Ақшат қыраты, жазық далада шоқтығы биік тұрғандықтан болса керек, ел халқы Ақшат тауы депте тайтын. Бұл өңірдің жері сулы да, нулы жайылымдағы мол, ақселеулі етекке келетін, жусаны мен бетегесі биік өскен, ебегелі де аяққа оралатын, өсіресе жылқы өсіруге қолайлы жер жайлау болатын. Ал енді Ақшат тауынан өрі асып түссен Кеңой алқабы шексіз, шетсіз сияқты кең жазықтық еді. Жылқышылар биік қырат үстіне шығып көз салғанда Кеңой өрісінде жайылып, жүрген жылқыларының қай үйірі қай орында екенін анық байқайтынбыз – дейтін жылқышылар.

1942 жылдың қазан айының соңы, қараша айының басы болса керекті. Қырғын соғыстың қызған шағы. Елдің бас көтерлерінің бөрі соғыста. Ел тұрғындары жабырқаулы. Сонда да елдегі қарттар мен әйелдер колхоз жұмысына жұмылған.

Колхоз басқармасы жылқы ауылға суыт келіп, бас жылқышыға аудан басшыларының хабарын жеткізді. Ол хабар: табындағы жылқының 30 басын бөлектеп айдап, елден 90-100 шақырымдай жердегі Шұбарқұдық стансасына тездетіп жеткізу еді.

Басқарманың тағы бір айтқаны: жылқыны айдасатын, баруға көмектесетін бала-жігіт ықсанды қосамын. Оны кейін қайырарсың. Өзіңнің ілгері кетуің бек мүмкін. Киім кешегінді ала кетерсің. Жолыңа қаржы егерсің, - деп біршама ақша ұсынады. Барлық жерге де соғыс жағдайындағыдай мәселе. Айтылған тәртіп орындалуы маңызды.

Көмекші баланың келуін күтпей-ақ жылқының осы қалай деген саяқтарын бөле бастады. Қой ішіндегі серке сияқты үнемі табының алдында жүретін Құла айғырды да қосып алды. Бұл жануар о баста ортаға Қорқыт ақсақалдан түскен. Қолға өскен тай-құнан болатын. Мініс пен жегіске де үйренген мал. Кейін дөненге толып, бестіге жете қолқа тұсы биіктеген, дене тұрқы ұзарып, құйрық жалы шұбатылған көрікті жылқыға айналған соң, үйірге салынған еді.

Жарты жолға жеттік-ау деген шамада бізді қайда айдап барады деген ой келді ме, әлде табынға

қалған үйірін іздеді ме кім білсін, Құла айғыр өнер шығара бастады. Жиі-жиі кісінеп, топтың алдын ойқастап, кейін қарап бұрылғысы келгендей, екі құлағын қайшылап, топтан оқшауланып, қашып кетпекке де ыңғайланғандай болды.

Бұл айғыр топтан шыға қашса, қуып жете алмаспыз, - деген ойға келген бас жылқышы астындағы атын тебініп жіберіп, Құланың мойнына құрық салады. Қолға үйретілген мал ғой, көп бұлұқынбастан тұра қалды. Жетегіме алсам қайтер екен деген ойынан тез айналып, айғырды тез еріттеп мініп алады.

Жылқыны жайып айдап, екі күн дегенде көздеген жерге жетті. Станса басы толған жылқы, кісілерде көп, қатар-қатар, лек-легімен тұрған қызыл вагондар. Қоршауға айдап қамаған аттарды біртіндеп санап, кіргізіп жатыр. Бас жылқышыны қарсы алған ұзын бойлы, шымыр денелі әскери орыс жігіті оң қолын шекесіне такай амандасты да, Ойыл ауданы ма қанша? Отыз болар деп, өзі сұрап, өзі жауап қайырды. Иығындағы портфелінен журналын алып, көрсетілген сандардың тұсына қол қойыңыз, - деп ұсынды.

Айдап келген жылқыны мына вагондарға тиейсіз. Соған жауапты сіз боласыз. Қайда жол тартарымызды менде білмеймін. Күндіз тұрамыз. Түн түсе қозғаламыз. Қайда жол тарттыңдар деп сұрағандарға еш жауап бермейсіңдер. Алдымыздағы үлкен стансаларда жылқыға шөп, су беріледі. Соны алып, күтімдегі жылқыларды азықтандырасыңдар. Комендатура өздеріңе азық-түлік ұсынады. Түсінікті ме, - деді әскер адам. Мақұл дегендей басын изеді жылқышы.

Асау жылқыларды көптеп-көлемдеп айдап қамадық. Ал енді жетегімдегі Құланы вагонға кіргізу қиынның қиыны болды. Жетекке жүрмей кейін шегіншектей береді. Алдыңғы қос аяғын жоғары көтеріп, шалқақтап тұрып алады. Алдына барғаны қарпып алатындай, артындағыны теуіп жіберетіндей сес көрсетіп, өбден мазалады. Кейін тартқылап бармаймын, кірмеймін дегендей өрекет көрсеткеніне қарғығанда, ертеректе үлкендердің «Жылқыда ақыл жоқ, ес бар», - деген сөздері рас екен-ау деп түсіндедім. Бөрінің естерінде жүрсін дегенді қарт жылқышы. Алдымызды қыс орай берді. Желтоқсан өтіп, қалшылдаған қаңтар келді. Күндіз селт етпейміз. Түнде қозғалған боламыз. Оған жүріс өнбейді екен. Тоқтаған кезде малды азықтандыруға шығамыз. Құла айғыр тұрған вагонға кірсем болды, оқыранып вагонның тақтайын тесіп жіберердей тарпыл-тарпыл, мені қайда апарарсың дегендей күй кешеді. Мені танып алғандай иіскелеп, тұмсығымен түртіп-түртіп қалады. Менде мойнынан сипалап, шыда жануарым дегендей ишарат білдіремін. Баратын жерімізді сұрағанмен ешкім тіс жармайды. Әскери құпия болса керекті. Қойшы өйтеуір, күн жүріп, ай жүріп тоқтайтын жерге де келдік.

Бізді сарыала киінген әскерилер қарсы алып, жеткізген жылқыларымызды қабылдады. Шені жоғарғысы болуы керек, ересектеу біреуі қатар тұрған біздерге қарап, дауысын көтеріңкіреп сөйлеп: Сіздер соғыс болып өткен, әлі де ұрыс жүріп жатқан Сталиград қаласына 12-15 километр жақын келіп тоқтадыңдар. Біз бұл жылқыларды зеңбірікке жегіп, алға тезірек жылжымыз. Жауды жеңеміз, - деп қысқаша сөйледі де, Қазақстанға оның халқына, сіздерге рақметімізді білдіреміз деді. Қасындағы офицерге қарап, бұйырта сөйлеп, тылдан келген азаматтарды моншаға түсіріп, үстері азып-тозған. Солдат формасымен толықтай киіндіріңдер. Бұларда тылдан келген жауынгер солдаттар. Жеткілікті азық-түлік беріп, кейін қарай шығарып салыңдар, - деген қысқаша тәртіп берді.

Моншаға түсіп, жуынып, қырынып, солдаттарша киінген біздер бір-бірімізді танымай қалғандай болдық. Вагоннан түскен жылқылар ішінен Құла айғыр бізге қайта-қайта қарап,

жерге мойнын сала оқыранып, айдаушының алдына түсіп, кете барғанын көріп, ішімнен ай жануарымай есті адамдай қоштастық-ау дегенмін. Арада біраз уақыт өтті. Ауылға келе сала қыстың ызғарына қарамай, түнгі күзетіне барған бас жылқышы (менің әкем) суық тиіп қайтыс болды. Орнына бұрынғы көмекшісі Өмірғали ақсақал ие болды.

Ұмытпасам, - деп бастады әңгімесін Өмекең ағай. Мамыр айының ортасынан ауған кез болатын. Жайылыс мол, биелер жаппай құлындап болып қалған кез еді. Бір күні таң елең-алаңда табынға барсам, жылқы іші азан-қазан, қым-қуыт шабыс. Қасқыр тиіп жатқан жоқпа екен деп жедел жүріп жетсем, бәрі тигеннен аман сияқты. Көзіме түскені: құйрық-жалы күзелген, түріде өзгеріңкіреген, іші-бауыры тартыңқы, мойыны мен қолқасында қамыттың қиған ізі қалған. Сары шолақ ат, мойнын салып жіберіп, екі құлағын қайшылап, өр биені бір қуып тыныштығын алып-ақ жүр. Үйірдегі айғырлармен де тұра қалып тебіседі.

Айқай салып, құрығымды көтеріп, қайдан келген пәлесің дегендей, жаңағы атты табыннан бөлек шығардым. Көп ұзамай маған қарап, - мен келдім ғой, танымай тұрсың ба, - дегендей төрт тағандап, біресе жылқы жаққа, біресе маған қарап тұрып алғаны. Енді ойласам қасқыр екен ғой депті ертеректе беріден қатты қорыққан бір жеңгелеріміз. Сол айтқандай, - дейді жылқышы топқа кіруге рұқсат болмаса тұра берейін дегендей кейіп танытқан «бөгде» атқа назар аудара қарадым. Кейпі, тұрқы, азған, арықтап, біраз ысылғаны болмаса, соғысқа айдалған Құла айғырға ұқсайды. Жақын барып мойнына құрық салып, ауылға жетектеп келдімде, алдыңғы оң аяғының топшысынан күрмеп байлап, ұзын арқандап ауыл маңына жайылысқа қойдым.

Елге келдім ғой, енді ешқайда жібермессің, дегендей біраз аңырап тұрды да, көп шөпке ауыз салды.

Арқаннан босатпадым, үйдегі келінім шелек пен су апарып беріп тұрды. Сөйтіп екі-үш күн өткенде, ауылға келген мал дәрігері, анадай жерде арқандаулы тұрған құла шолақ атты көріп, «қонағың» құтты болсын айтып қалжыңға басты.

Болған жағдайды баяндап едім, жүр жақын барып көрейікші дегені. Аттың олжақ-бұл жағына шығып қарап, жақын барып, құлағынан ұстап, мойнын сипалады. Армияның қолына түскен соң, қамытқа жегілген екен жануар. Сол баяғы құла айғырдың өзі. Қамыттан сөл босаған кезде, ел жаққа тайып тұрған ғой. Елін, жерін табындағы үйірін есіне алып, өзге жерді жерсінбей, соншама қашықтан өзен-сулардан өтіп, қалай тауып келген десеңші. Жылқы малы жершіл, айлық алыс жерлерден өскен өлкесін тауып келеді, - деген сөз рас екен ғой. Оған көзімізді Құла айғырымыз жеткізді емеспе, - деп таңқалды мал дәрігері. Майдан даласынан елге қашып келген жануарға біз қуандық. Бір жетідей қолға ұстап бағыңыз, демалсын, тойынсын, болса жем беріңіз. Оты суы қанық болсын. Бір аптадан соң келермін. Жылқыға қосып, үйірге салармыз – деп мал дәрігері жүріп кетті. Осындай құлағына жағымды сөздерді естіп тұрғандай, соғыстан қашып, жылқы ауылға аман жеткенін білдіргендей, Құла айғыр алдыңғы екі аяғымен Байқоңыр жайлауының қара топырағын көсіп-көсіп бауырына қарай лақтырды да, табын жаққа қарай мойнын созып, шұрқырай кісінеді.

Бұл оқиғаны бас кейіпкер болған марқұм бас жылқышы көрмеді де, естімеді. Оның артында қалған асыл ұрпағы мен естідім де, көрдім. Қырғын соғыстан қашып, үйренген өскен жеріне күн-түн жүріп, небір қыны қыстау жерлерден аман өтіп, еліне жетіп, үйіріне қосылған Құла айғырдың басынан өткергені, оны көрген жандардың күй болған оқиғалары осындай еді.

Арыстан АЙМАҒАМБЕТҰЛЫ, «Қазақстанның Құрметті журналисі» төсбелгісінің иегері.

ҚАЗҰУ - ҒЫЛЫМ МЕН БІЛІМ ОРДАСЫ

МЕКТЕП ҚАБЫРҒАСЫНДА ОҚЫП ЖҮРГЕН СӘТТЕН БАСТАП, АРМАН ҚҰЫП, ЖҮРЕГІММЕН ҚАЛАҒАН ОҚУ ОРНЫНА ТҮСЕМІН ДЕП КІМ ОЙЛАҒАН? МЕНІҢ ӨМІРІМДЕ БОЛҒАН СЫНАҚТАРҒА ҚАРАМАЙ, ОҚУШЫ КЕЗІМНІҢ ТӘТТІ АРМАНЫ ОРЫНДАЛЫП, НИЕТ ЕТКЕН УНИВЕРСИТЕТІМЕ ТҮСКЕНДЕГІ СЕЗІМДІ СӨЗБЕН АЙТЫП ЖЕТКІЗУ МҮМКІН ЕМЕС ШЫҒАР... ЕЛІМІЗДІҢ ТҮКПІР-ТҮКПІРІНЕН ҚАЗҰУ-ҒА АРМАН ҚҰЫП КЕЛГЕН ЖАСТАРДЫҢ АРАСЫНДА МЕНДЕ БОЛДЫМ. 85 ЖЫЛ ЖИНАҒАН АБЫРОЙЫ МЕН АТАҒЫ БАР, ҚАНША ТҮЛЕКТЕРДІҢ ҚУАНЫШЫНА СЕБЕПКЕР БОЛЫП, ТҮЛЕТІП ҰШЫРҒАН ҚАЗҰУ-ДЫҢ СТУДЕНТІ БОЛУДЫҢ ӨЗІ ҮЛКЕН МАҚТАНЫШ. ҚАРА ШАҢЫРАҒЫ-МЫЗ ҚАЗІР ДЕ АТА-АНА АРТҚАН СЕНІМДІ АҚТАУҒА ТЫРЫСЫП ЖҮРГЕН, ЖАҢАШЫЛ СТУДЕНТТЕРГЕ ҚАЙТА КЕЛМЕС СТУДЕНТТІК ӨМІРДІҢ ЕҢ КЕРЕМЕТ СӨТТЕРІН СҮЙЛАУДА. АРМАНЫМ САНАМА АУЫР ЖҮКТІ АРТҚАНДА ДА МОЙЫМАҒАННЫҢ АРҚАСЫНДА МЕНІҢ ДЕ СТУДЕНТТІК ӨМІРІМ ҚАЗҰУ ҚАБЫРҒАЛАРЫНДА ӨТУДЕ.

Алтын ұя атамекеніміздің болашағы – кемел білім мен ғылымда. Қазақстан атты Отанымызда тұратын барша ұлт пен ұлыстың қара шаңырағы болып келген ҚазҰУ еңсегі білім ордасы екені берімізге мәлім. Сан мыңдаған талапкерге білім нәрін құйып, кеуделерін нұрландырып, болашақ өмірлеріне жол бағыттап, маман ретінде қанат қақтырған түпсіз терең білім мекені – дәл осы университет. Өткен жылы Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ құрылғанына 85 жыл толды. Жоғары білім беру жүйесінің шыңында бола отырып, ҚазҰУ ғылыми тұрғыда дамудың даңқты жолынан өтіп, бүгінгі таңда Қазақстанды беделді халықаралық ғылыми - білім беру қауымдастықтары танытуда.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті – адамгершіліктің мың жылдық дәні егілген, жастық шақтың мәңгілік мекені, білімге сусындаған бақытты кезеңіміздің самал лебі есіп тұрған университет. Университет қабырғасында оқытушылар жетекшілігімен өтетін көптеген ғылыми шаралар мен конференциялар, түрлі шаралар өтеді. Атап айтар болсам, т.ғ.д, профессор Қозыбақова Ф.А ғылыми жетекшілігімен «Рухани жаңғыру» және «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламаларының аясында филология және өлем тілдері факультетінде «Әл-Фараби – ұлы даланың ұлы тұлғасы» атты тақырыбында ғылыми конференция болып өтті. Конференция барысында ғұлама ғалымның өмірі мен шығармашылығы, ол туралы шетел ғалымдардың қалдырған ой-пікірлері мен еңбектері және Әл-Фараби мұрасын жаңғырту көзделген болатын. Сонымен қатар, өлемнің «екінші ұстазы» атанған даңқты тұлға Әбу Насыр Әл-Фараби жайлы тарих шежіресінде шаң басып қалған түрлі ақпараттар туралы мәліметтерді толық қамтамасыз ете алдық. Аталмыш шара

жас студенттердің сана-сезімін оятып, мәдени өрі рухани бағытта дамуына зор ықпалын тигізді.

1934 жылы өз өржетасын қалаған ҚазҰУ қазіргі таңда, әлемдік деңгейдегі зерттеу университетіне айнала отырып, әлемдік рейтингтерде едәуір жылжып келе жатқанын атап өткен жөн. Мәселен, 2019 жылы QS жаһандық рейтингісінің нәтижесі бойынша жетекші қазақстандық университет өлемнің үздік ЖОО тізімінде 207-орынға ие болды.

ҚазҰУ-да дарынды студенттерді жан-жақты түрде қолдауға ерекше мән беріліп келеді. Мысалы, соңғы үш жылда, университетке 350 миллионнан астам қаржыны құрайтын сырттан 1300 демеушілік шөкірт-ақы тартылды. Жыл сайын мыңнан астам әлеуметтік жағдайы төмен топтағы үздік оқыған студенттерге оқу ақысын төлеуде жеңілдіктер беріледі. Керемет студенттерге қызмет көрсету орталығында студенттер 500-ден астам білім беру, әлеуметтік, мәдени және демалыс қызметтерін пайдалана алады, соның ішінде алғашқы медициналық-санитарлық көмек және денсаулық диагностикасы да бар.

ҚазҰУ – білімді, талантты студенттерді біріктіретін құтты мекен. Тұлғалық қасиеттерді дамыту мен жан-жақты терең білім шыңдауға зор ықпалын тигізетін мекен. Достастық пен ұлттық бірлікті қалыптастыратын мекен. Сол себепті де, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінде білім алу өз білімін шыңдап жүрген әрбір студент үшін үлкен мәртебе деп санаймын.

Ф.ҚОЗЫБАҚОВА, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Тарих, археология, этнология факультеті, тарих ғылымдарының кандидаты, профессор.

Зарина ДОСАНОВА, Филология және әлем тілдері факультетінің 1-курс студенті.

ЕСКЕ АЛУ

Ойыл ауданы, Шұбарши ауылы Қитанов Самғат Кенжанұлы (19.05.1980- 05.04.2015)

Көп болды, бір бәйтерек құлағалы, Көп болды, жоқтап өке жылағалы. Көп болды, кіп –кішкентай қарындасың, Көкем қашан келеді деп сұрағалы. Көп болды ғой жүзінді көрсемегелі, Жақсы көрем мен сені ес білгелі. 5 жыл болды, қаламымды қолға алып, Құран оқып, еске аламыз біз сені. Көре алмай тіршіліктің қызығын, Тата алмай шаттық өмір шырынын. Армандарым орындалады деуші ең, Өттең ерте сөнді – ау сенің ғұмырың. *Еске алушы: папа-мамасы, бауырлары .*

Аудандық мәдениет үйінің ұжымы және кәсіподақ комитеті мәдениет үйінің кіші қызметкері Молдашев Қайыржанға күйеу баласы **Жарасқалиұлы Әділханұлы** мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

Аудандық мәдениет үйінің ұжымы және кәсіподақ комитеті Тайсойған ауылдық клубының мәдени ұйымдастырушы Раушанова Жазираға әжесі **Ілиясова Жаңылдың** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып көңіл айтады.